

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 тамыз N 944

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 16 наурызда Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесі туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының
мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесі туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы келісімге қатысушы мемлекеттер Үкіметі,

мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен экономикалық және табиғатты қорғау сипатындағы шешімдерді қабылдаудағы гидрометеорологиялық ақпаратты тұрақты алу мен пайдалану маңыздылығына көз жеткізе отырып, гидрометеорологиялық жағдайлар мен қоршаған табиғи ортаның өзге де сипаттамаларын бағалау жөніндегі бақылаудың ұлттық, аймақтық және ғаламдық жүйесі қызметін мемлекетаралық келісім негізінде жүргізуге зор мән бере отырып, гидрометеорологиялық жүйені ұйымдастыру және дамыту саласында қарым-қатынас жасауға дайын екендіктерін білдіре отырып, гидрометеорология саласындағы өзара іс-қимыл туралы 1992 жылғы 8 ақпандағы Келісім ережелерін басшылыққа ала отырып, төмендегідей келісімге келді:

Осы Келісім мақсаты үшін төменде келтірілген терминдер мынадай мағынаны білдіреді :

ТМД мемлекетаралық гидрометеорология жүйесі (ТМД ХГМЖ) Тараптардың гидрометеорологиялық жағдайлар мен қоршаған табиғи ортаның басқа да сипаттамалары туралы ақпаратқа қажеттіліктерін қамтамасыз ететін ұлттық жүйелік қадағалау ұйымдарының сұрыпталған қадағалау пункттерінің біріккен жүйесі;
ұлттық гидрометеорологиялық жүйе - бір Тараптың гидрометеорологиялық жағдайлар мен қоршаған табиғи ортаның басқа да сипаттамаларына қадағалау жасайтын қадағалау ұйымдары мемлекеттік жүйесінің жиынтығы.

2 - б а п

Тараптардың ТМД мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесі қызметін қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастығы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады :

ұлттық гидрометеорологиялық жүйе, сондай-ақ қолда бар коммуникациялық инфрақұрылымдар негізінде гидрометеорологиялық жағдайлар мен қоршаған табиғи ортаның басқа да сипаттамаларына мемлекетаралық қадағалау жүйесін қалыптастыру және оның қызметін қамтамасыз ету;

ТМД ХГМЖ компоненттерінің даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға, тиісті бірлескен ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу ;

ТМД ХГМЖ қызметін құқықтық, нормативтік-әдістемелік, метрологиялық, технологиялық және аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету.

3 - б а п

ТМД мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады :

гидрометеорологиялық жағдайлар мен қоршаған табиғи ортаның басқа да сипаттамалары туралы уақтылы, толық және нақтылы ақпарат, оның ішінде экономика мен тұрғындарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиғалардан қорғау шараларын қабылдау мақсатында қауіпті гидрометеорологиялық жағдайлардың туындауы және ластанудың жоғары деңгейлері туралы жедел ақпаратты дер кезінде алу ;

жер беті суларының ластану деңгейі және трансшекаралық су объектілеріндегі су шығыны туралы ақпарат алу, атмосфералық ауа арқылы ластаушы заттардың трансшекаралық тасымалдануын бақылауды қамтамасыз ету;

ақпараттық өнімдердің бірлігін, талап етілетін өлшемдер дәлдігін және қадағалау тәсілдерінің салыстырмалылығын, айқындығын қамтамасыз ету.

4 - б а п

ТМД мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесі гидрометеорологиялық жағдайлар мен қоршаған табиғи ортаның басқа да сипаттамаларын қадағалаудың ұлттық жүйелері және мәлімет жинақтау, өңдеу мен тарату технологияларын меңгерген қолданыстағы құрылымдар базасында құрылады.

5 - б а п

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы гидрометеорология жөніндегі мемлекетаралық кеңесі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үйлестіру институты ретінде ұлттық гидрометеорологиялық қызметтер жұмысының негізгі бағыттары бойынша:

ТМД мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесінің құрамы (қадағалау станциялары мен бекеттерінің тізімі) мен қадағалаудың әр түрін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру тетіктерін анықтайды;

ТМД ХГМЖ қызмет етуіне байланысты мәселелерді шешуде ұлттық гидрометеорологиялық органдардың өзара іс-қимылдарын қамтамасыз етеді.

6 - б а п

Тараптар ТМД мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесін өлшеудің белгіленген тәртіппен орындалу әдістемесімен аттестациялаған осы заманғы өлшеу аспаптары және құрал-жабдықтарымен, жұмыс эталондарымен, деректер беруге арналған коммуникациялармен сондай-ақ оларды өңдейтін есептеу техникасы мен автоматизация құралдарымен, қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

ТМД ХГМЖ жұмыс істеуінің нәтижесінде алынған ақпараттар Тараптардың пайдалануына қолайлы түрде және еркін беріледі.

7 - б а п

ТМД мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесін ұлттық гидрометеорологиялық қызмет қаржысы есебінен, сондай-ақ Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым мен басқа да халықаралық қорларды қоса алғанда, мүдделі ұйымдардың қаражаты есебінен қаржыландыру жүзеге асырылады.

Тараптар осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қаржы қаражатын өз бетінше тартады.

Осы Келісімнің орындалуына жауапты ұлттық гидрометеорологиялық органдар арасындағы өзара іс-қимыл осы Келісім ережелеріне қайшы келмейтін жекелеген уағдаластықтар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тараптар өз қызметін осы Келісім шеңберінде олардың заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.

9-бап

Осы Келісім Тараптардың бұл Келісімде қамтылатын мәселелерге қатысты халықаралық шарттар бойынша немесе осы Келісімнің нысаны мен мақсатына сәйкес жасалуы мүмкін халықаралық келісім-шарт құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

10-бап

Осы Келісімнің қолданылуына немесе түсіндірілуіне байланысты туындаған даулы мәселелер мүдделес Тараптардың консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

11-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімнің алып тастауға болмайтын бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар жекелеген хаттамалармен рәсімделеді және осы Келісімнің 12-бабында көрсетілген тәртіппен күшіне енеді.

12-бап

Осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті оның Тараптары қол қойған мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы үшінші хабарламаның депозитарийге сақтауға өткізілген күнінен бастап Келісім күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті

құжаттардың депозитарийге сақтауға өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісім мерзімі бес жылға жасалады және егер Тараптар өзге шешім қабылдаса, осы мерзім аяқталысымен келесі бесжылдық кезеңіне автоматты түрде ұзартылады.

14-бап

Әр Тарап осы Келісімнің күшіндегі кезінде туындаған өзінің қаржылық және өзге де міндеттемелерін реттей отырып осы Келісімнен, алты айдан кешіктірмей депозитарийге хабарлама жібере отырып шығуы мүмкін.

15-бап

Мақсат-мүддесін бөлісетін өзге де мемлекеттердің осы Келісімге қосылуына депозитарийге осындай қосылу жөніндегі құжаттарын өткізуі арқылы жол ашылады.

2001 жылғы 16 наурызда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір ғана түпнұсқа данада жасалды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқару комитетінде сақтаулы түпнұсқа данасының расталған көшірмесі осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке жіберіледі.

Әзербайжан Республикасы Молдова Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасы Ресей Федерациясы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасы Тәжікстан Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Түрікменстан

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы Өзбекстан Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы Украина

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Мәскеу - 16.03.2001 ж.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК